



ПРИОЗЕРСКИЙ

Вестник

18+

№ 51/747

24 декабря 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года



ЖАҢА ЖЫЛДАРЫҢЫЗБЕН! С НОВЫМ ГОДОМ!

Құрметті әріптестер, қала тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Жаңа 2022 - жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Келе жатқан Барыс жылы жаңа жасампаздық істерге толы шаттық әкелетін қайырлы жыл болсын.

Сіздерге және отбастарыңызға зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй мен барлық жақсылықты тілейміз, сәттілік пен шабыт өмірлеріңізде адал серік болсын!

Құрметпен

Қала әкімі

Мәслихат хатшысы

С. Сагаев

Б. Сәрсембеков



Дорогие коллеги, жители и гости города!

Поздравляем вас с наступающим Новым годом!
Пусть наступающий 2022 - год Тигра станет годом новых творческих свершений, годом процветания и благополучия!

Желаем вам и вашим близким исполнения всех заветных желаний, здоровья, хорошего настроения и всех благ, чтобы удач и вдохновение были верными спутниками вашей жизни!

С уважением

Аким города

Секретарь маслихата

С. Сагаев

Б. Сәрсембеков


ЖАҢА ЖЫЛҒА – СОНЫ СЕРПІНМЕН !

**Жаңа жыл, жаңа бағыт, жаңа күн,
Жаңа жылда қалықтайды жамал үн.
Жаңа жылда жарқыраған күн шықса,
Жаңа жылды тойлауменен болар түні!**
дегендей, жаңа жыл мерекесі барлығына өзгеріс орнатады. Қазақ ұлты үшін ата-бабадан бері келе жатқан негізгі Жаңа жылымыз – Күн мен түннің тенесіп, Жер бетінде тіршілік жанданатын мезгіл – Наурыз айының 21-22-жұлдызы болып есептелгенімен, қазіргі заман күнтізбесі бойынша жылдың ауысар шағы 1-қаңтар болып саналады. Сондықтан бұл күнді ерекше атап өту дәстүрі де біздің өмірімізге енді кріп, әдетке айналғанына да талай жылдың жүзі болғаны рас. Әсіресе жаңа жылды сағына күтетін балалардың көңілдері мен қуаныштары үшін Жаңа жыл мерекесін тойлап, атап өтудің еш артық-шылығы жоқ.

Жаңа жыл әркімнің үйіне құлық-ниеттеріне қарай бақыт, бақ-береке, ырыс әкеледі, деп сенеміз. Жаңа жыл тойланар күнге дейін әрбір шаңырақта асыға күткен жаңа жылдарына қамдану басталады. Әркім өздігінше үйін сәндеп, әр түрлі заттармен безендіріп, жаңа жылдық киімдер алып, үйінің ішіне немесе сырт жаққа (аулаңның ішіне) шырша қойып, оған ойыншықтарын тағып, түрлі-түсті шамдармен әсемдеп, ауланы, үйді мұнтаздай етіп тазалап, жаңа жылды жылы көңілмен, кірген жылдан үлкен үміт күте қарсы алады. Жаңа жылды тойлатып атап өту үшін үйге азық-түлік алып, жаңа жыл жағдайын алдын-ала жасап алады. Бәрі мез-мейрам боп, бір-бірімен реңжісіп қалған адамдар татула-сып, жаңа жыл сондай керемет көңіл-күй сыйлап, барлығына қуаныш әкеледі. Аяз ата мен Ақша қар жаңа жылдың ең басты кейіпкерлері. Аяз ата сыйлыққа толы дор-басын арқалап, Ақша қарды жанына ертіп алып, үйді-үйді аралайды. Ал, бұл жаңа жылды жыл сайын көріп, сол жайлы біліп жүріп өзіне өте қатты әсер алған балалар Аяз атаға хат жазып, арманын айтып, жар-қын-жарқын сөздерін қосып, лебіздіктерін білдіреді.

Мән беріп қарасаңыз, Жаңа жылдың тәрбиелік мәні де өте зор. Кішкентай балалар «Алақай, Аяз ата келеді!», - деп, тақпақ-

тар жаттап, сыйлық алуға ұмтылады. Мұның өзі балаларды білімге, еңбекке бейімдейді және баулиды. Жаңа жылдың тағы да бір кереметтері: аппақ қарда көркейіп жап-жасыл болып тұрған шыршалар қыстың балғын кезінде әдемі боп, оны барлығы айналып ән шырқағанында, қуаныштары қойнына сыймай кештің соңы от шашу боп қызықтарға ұласады. Адамдардың бәрі жамандықтан арылып, тек жақсылық болсын деп, ізгі ниеттер айтылып, жаңа жыл, жаңа өмір қайтадан өмірге таза болып келгендей, адам баласы барлық күнәдан арылып қалғандай жанға тыныштық ұялатады.



2021-жыл жалпылама алғанда біздің Приозерск қаласының тұрғындары үшін де жаман жыл болды деп айта алмаймыз. Жұқпалы індеттің зардабы жаз айының ортасына шейін созылғанымен, жұрттың оған қарсы күресінің, қауіпсіздік шараларын мұқият жасауының арқасында жаз ортасынан ауа бере шектеу шаралары біртіндеп жеңілдей бастады. Тұрғындардың өз денсаулықтарын ойлап, екпеден өз еріктерімен көптеп өтуінің арқасында кеселдің жұғу қарқыны бәсеңдеді. Соның арқасында адамдардың жұмыс пен қызметке, тіршілікке деген қарқыны артты, жақсы күндерге болған сенім-үміті күшейді.

2021-жылғы мамыр айының 24-жұлдызында бұрынғы әкім – Қайрат Амангелдіұлы Камзиннің жаңа қызметке ауысуына байланысты, оның орнына жаңа әкім келді. Коммуналдық-шаруашылық саласында ұзақ жылдар басшылық қызметте болып, әбден төселген, осы саланы жетік меңгерген Сапар Қайыркенұлы Сагаевтің әкімдік қызметімен

бірге қалаға соны серпін, жаңа идеялар, жақсы бастамалар келгеніне барлық қала тұрғындары куә. Лауазымдық қызметінің алғашқы сәтінен бастап қаланы абаттандыру, көгалдандыру, гүлдендіру және коммуналдық-шаруашылық қызметтердің, соның ішінде жылу қазандығының жүйелі түрде жұмыс істеуі мен ауыз суға тарифті көтеру арқылы жұмысшы-қызметкерлердің жалақысын уақытында төлеу және көтеру мәселелерін қолға алған қала әкімінің жұмыс нәтижесіне арадан көп өтпей-ақ жұртшылықтың көзі жетті. Бұл шаруалардың қаншалықты жүзеге асырылып, атқа-

рылғанын тәптіштеп айтып жатудың қажеті бола қоймас. Қазақстан Республикасының 30 жылдық және қаланың 65 жылдық мерейтойлары қарсаңында қалада орналасқан барша мекемелер қызметкерлерімен кездесіп, құттықтап, марапаттап, олармен жақын танысуы, арада болған ой-пікір бөлісулер – билік пен халық арасындағы ашық диалогтың орнауына жол ашты. Есіктен енгелі тұрған 2022-жылда алда үлкен шаруалар мен ауқымды міндеттер тұр. Соның бәрінде қала басшылығы мен тұрғындар жұмысты біргелікте, ауызбірлікпен, түсіністікпен атқаратын болса, алынбайтын қамал, бітпейтін шаруа болмайтыны анық. Бүгінгі таңда қаланы безендіру, жарықтандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқанын көріп, біліп отырмыз. Бұл қаламыздың түнгі көркін әсемдендіріп, келген қонақтармен қоса өзіміздің де көңілімізді қуантатын айқын. Қала тұрғындарының да жайнаған жасыл әрі көз тартарлық мекенде тұруға толық құқы бар. Қаламыз болашақта

Ескі жыл – есіркеді, Жаңа жыл – жарылқа!

еліміздегі маңызды да, танымал туристік орталықтардың біріне айналады деген жоспарлар мен жобалар бар. Сол шаруалардың жүзеге асуы үшін тиянақты жұмыс жүргізілуі тиіс.

Өтіп бара жатқан жыл біздің «Приозерский вестник» газетінде де қуантарлық әрі жақсы жаңалықтар аз болған жоқ. Оқырмандардың ұсыныс-талаптарын ескере отырып, барынша соны ақпараттар мен сүйінші хабарларды дер кезінде оқырман назарына жеткізуді мақсат еттік. Қалада болып жатқан жаңалықтар, атқарылған және атқарылуға тиіс жұмыстар, әртүрлі тақырыпты қамтыған және еңбек адамдарын дәріптейтін, еліміз тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен қаланың 65 жылдығына арналған мақалалар, естеліктер мен очерктерді үздіксіз жариялап отырдық. Ковид-19 жұқпалы дертінің ендеп кетпеуі туралы құзырлы орындар басшылары және мамандарымен болған тілші сұқбатына жиі орын беріліп отырды. Жаңадан тағайындалған әкім С.Сагаевпен кездесіп, газеттің тұрақты шығуына көмектесетін келісім жасалды және газеттің өзгеше жұмыс істеуіне қол жеткіздік. Соның нәтижесінде газет қызметкерлері мерейлі мерекелер құрметіне Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталды.

Жаңа жылды отбасымен, туысқандарымен, достарымен және әріптестерімен бас қосып атап өткенге не жетсін! «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа!», - деп, ескі жылмен қоштасып, енді жаңа жылды қарсы аламыз. Сондықтан, «Келер жылдың жақсылығы мол болсын», - деп, бір-бірімізге жақсы тілектер айтып, жаңа жылды жайсаң көңіл-күймен қарсы алайық! Елдің еңсесін түсірген жұқпалы дерт осы жылмен кетіп, халқымыздың денсаулығына қайтадан қатер төнбесін! Басымыз аман, бауырымыз бүтін, ұрпағымыз саликалы да сауатты болғай!

Жаңа жылға соны серпінімен жетейік, Жаңа жылдарыңыз құтты болсын, жерлестер – Приозерск қаласының тұрғындары!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

Давайте сбросим год, как старое пальто..,

И пусть с усталых плеч груз прошлого спадает,

Чтоб захотеть на миг простое волшебство,

Хоть все вокруг твердят, что чуда не бывает.

Давайте, мы судьбе отметим новый путь,

Не по накатанной, не по тернистым тропкам,

А так, чтоб уставать немного, по чуть-чуть,

Но позжинать «плоды» вразрез к противным сводкам...

Давайте сбросим год...и Новый подождем...

Нарядный и большой он к нам уже стучится.

Пусть незнаком пока, но мы ему нальем

Шампанского в бокал — и праздник заискрится.

А в огоньках надежд, под шлейфом у мечты,

Мы Зажелаем все, чтоб нам хватило чуда,

Любви знакомых глаз, от близких — теплоты,

И доброты людей, и красоты повсюду!

Давайте сбросим год, забыв ненужный «хлам»:

Волнения и беду, невзгоды и напасти...

Пусть воцарится мир, развиднется туман

И мы свои пути найдем навстречу к счастью..



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған салтанатты жиын өткен аптада «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының ғимаратында болып өтті. Еліміз Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойының жиынына қала тұрғындары, мекемелер, кәсіпорындар, қала қонақтары мен қоғамдық және жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Салтанатты жиынның сахнасы «Достық» БЖШО-ның «Вдохновение» би тобының «Қазақ биімен» ашылды. Қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев жиылғандарды мерейлі мерекмен құттықтағаннан кейін, кезек Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығын мерекелеуге байланысты, қаламыздың көркеюі мен экономикасының өсуіне өзіндік үлесін қосып жүрген азаматтарды марапаттау рәсіміне берілді. Алғашқы марапат – Қазақ-



стан Республикасы Президентінің 2021-жылғы 2-желтоқсандағы № 700 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен «Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС жөндеуші ұстасы Григорьев Виктор Васильевичке табыс етілді.

Облысымыздың қоғамдық саяси өміріне белсене араласып жүрген келесі азаматтар «Тәуелсіздікке 30 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды: Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков – қалалық мәслихат хатшысы, Приозерск қаласы әкімінің аппарат жетекшісі Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев, қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің сектор меңгерушісі Жұлдыз Тиыштыбайқызы Дулатова, экономика және қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі Батима Аманқызы Тұрғамбекова, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдаламалар бөлімінің сектор меңгерушісі Литиш Анжела Юрьевна, құрылыс бөлімінің бас маманы Айнұр Мұратқызы Таубаева, «Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС көлік жүргізушісі Ербол Пірімбетұлы Есергиев.

Қарағанды облысы әкімінің Құмет грамотасымен марапатталғандар: қалалық әкім аппараты, мемлекеттік қызметтер көрсетуді бақылау және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің басшысы Алтынай Төрбекқызы Рахымбаева, әкім аппараты ұйымдастыру жұмыстары және құжаттармен қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Гүлмира Кендебайқызы Раимова, қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі Серік Наханов, ЖКХ, жолаушылар тасымалы, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясының бас маманы Біржан Айтұғанұлы Такенов, қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы Қайрат Нұрланұлы Қайырғалиев.

«Нұр Отан» партиясы орталық аппаратының «Белсенді қызметі үшін» медалімен «Айналайын» бөбекжайының директоры Айтқұл Жеңісқызы Құлмағанбетова марапатталды. Азамат Беректұлы Отарбаевқа «Нұр Отан» партиясы орталық аппараты-

МЕРЕКЕЛІК САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

ның Құрмет грамотасы табысталды. Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облыстық филиалының Алғыс хатына Приозерск қалалық филиал төраға-сының бірінші орынбасары Дулат Орын-басарұлы Дүйсембаев, жеке кәсіпкер, мәслхат депутаты Бахтияр Сәкенұлы Саты-балдин, қалалық халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы, партиялық бақы-лау комиссиясының төрағасы Ерік Тәткен-ұлы Балтышев, зейнеткер, Қоғамдық Кеңес мүшесі Жарас Қармысова, № 2 су тоғаны-ның бастығы, партия ардагері Марат Серік-байұлы Жұмабеков ие болды.



Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасын қалалық мәслихаты аппаратының бас маманы Қарақат Игенқызы Бұқпан-таева алды. Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатына экономика және қаржы бөлімінің референті Жансұлу Сейілбек-қызы Смойлова лайық деп танылды. Қарағанды облысы әкімінің гранттарына 3 адам ие болды. Жастар кәсіпкерлігін қолдау мен дамытуға арналған Қарағанды облысы әкімінің келесі Грант иегерлеріне құны миллион теңгені құрайтын сертификаттар жас кәсіпкерлер Ержан Нұрланбекұлы



Абдурахмановқа, Гүлдана Жанайдарқызы Бейсекееваға және Фариза Алкайдарқызы Садақбаеваға табыс етілді. Қала әкімінің гранттарына ие болғандар: Муратбекова Гүлжайнар Бердимуратқызы, Арыстанбеков Нұрасыл Ғалымжанұлы, Абылхапова Айгерім Ерболатқызы, Жаңыл Қынарлова, Жүсіпов Мәліс Маратұлы және Ернарзаров Азамат Бақтыбайұлы.

Бұдан әрі, шағын футболдан қала әкімінің кубогіне арналған Лиганың жеңімпаздары марапатталды. «Үздік гол» аталымының иегері Ақжол Мырзалиевке, «Үздік қақпашы» Еркебұлан Тұрмахановке, «Үздік қорғаушы» Айдос Тайжановқа, «Үздік шабуылдаушы» Жарқын Хамидовке, «Үздік ойыншы» Алматы Ибрашовақа 15 мың теңгелік, «Балқаш» ЕСК командасының «Жеңіске деген құлшынысы үшін» аталымына 20 мың, 5-орынға ие болған № 15 өрт сөндіру бөлімінің «Жалын» командасына 30 мың, 4-орындағы 18405 ә/б «Арсенал» командасына 50 мың, 3-орындағы № 1 мектеп команда-

сына 70 мың, 2-орындағы 03080 ә/б «Искра» командасы 100 мың, 1-орынды иеленген 44841 әскери бөлімінің «Тұлпар» командасы 150 мың теңгелік сертификаттар табысталды. Лиганың абсолютті Гран При иегері атанған қала құрамасы «Қайсар» командасына 200 000 теңгенің сертификат пен қала әкімінің кубогы тапсырылды.

Қаламыздағы «Таза қала» акциясы аясында өткізілген «Үздік подъезд» байқауының қортындысы бойынша үшінші орынға Космонавтар көшесі 1-үйдің тұрғындары ие болып, 100 мың теңгенің, екінші орынды еншілеген «Жеңіс»



марапатталды.

Приозерск қалалық мәслихат хатшысының Құрмет грамотасымен марапатталғандар төмендегілер: Приозерск қалалық қазыналық басқармасының басшысы Талант Дәулетбекұлы Манаков, қалалық орталық аурухананың Сарышаған кенті бойынша отбасылық дәрігерлік амбулаториясының дәрігері Сағадат Махметханқызы Абишева, «Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС көлік жүргізушісі Жексен Асықбекұлы Жампозов, Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының жастармен жұмыс жөніндегі инспекторы Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының жастармен жұмыс жөніндегі инспекторы Эльмира Лязатқызы Утепкалиева.

Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі полковник Есжан Оралбекұлы Батырбеков, РФ ҚК 03080 әскери бөлімі командирінің тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары, полковник Воронов Валерий Васильевич

бульвары 38а үйдің 2-подъезд тұрғындары 150 мың теңгенің, бірінші орынды жеңіп алған осы үйдің 4-подъезд тұрғындары 250 000 теңгенің сертификаттары табыс етілді. Сондай-ақ, қаламызды абаттандыру мақсатында өткізілген «Таза қала» акциясына белсенді түрде қатысқан Приозерск қалалық санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасының ұжымына (басшысы Г.С.Өнербекова) жүз мың теңгелік сертификат табысталады.

Қарағанды облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Алғыс хатымен Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев марапатталды.

Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы құттықтау сөз сөйледі. Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының Құрмет грамотасымен қалалық мәслихат депутаты, «Ер-Тай» ЖШС директоры Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев, қалалық мәслихат депутаты, «Достық» ЖШС-нің директоры Попченко Светлана Борисовна, Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының Алғыс хатымен мәслихат депутаты, жеке кәсіпкер Муса Жалиұлы Әбдімүталіпов,



жиын қатысушыларын мерейлі мерекемен құттықтады және Валерий Васильевич өзінің Қазақстанға арнаған жүрекжарды жыр шумақтарын оқып берді.

Сахнаға көтерілген 1986-жылғы желтоқсан оқиғасына қатысушы Әлібай Қалибекұлы Бакиев сол бір қиын-қыстау жылдарды, желтоқсан айының ызғарлы күндерін еске алып, бүгінгі бақытты шаққа жету жолында қанын төгіп, жанын қиған боздақтар және өзінің бастан өткен оқиғалар туралы әңгімелеп, желтоқсан құрбандарының рухына бас иіді.

Қазақстан тарихында он сегізінші ғасырдан Қазан төңкерісіне дейін 200-ден астам көтерілістер болды. Бірнеше ғасырға созылған бостандық, тәуелсіздік үшін күрескен қазақ халқының тілегі орындалып, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1991-жылдың 16-желтоқсаны заңды түрде Тәуелсіздік күні болып тарихқа енді. Желтоқсан оқиғасы Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхамбетжанова, Ерлзат Асанова тәрізді батырларымыздың бар екенін дәлелдеп берді. Салтанатты жиын қатысушылары сол желтоқсан құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды. Азамат Акишев «Желтоқсан желі» әнін орындап, жиынның концерттік бөлімін ашып берді. Жиылған қауым мерейлі мереке құрметіне арналған концерттік бағдарламаны тамашалады.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
Суреттерде: салтанатты жиыннан көріністер



Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрлігінің Құрмет грамотасымен мәслихат депутаты, қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры Рахима Есенаманқызы Ахметовалар

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ҚАБЫЛДАУЫНДА

Өткен сәрсенбі, 22-желтоқсан күні Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаев «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының кеңсесінде әртүрлі түйткілді мәселелер бойынша әкімнің қабылдауына жазылған қала тұрғындарын жеке-жеке қабылдады.

Атап айтқанда, Р.Қошқарбаев көшесі 7/1 үй, 9-пәтер тұрғыны Жаңагүл Алтынбекқызы Жилманова өздері тұратын тұрғын үйдің апатты жағдайға душар болғаны және жылудың нашарлығы туралы шағымданса, Кисунько көшесі № 16 үйдің тұрғындары Злиха Юсуповна Арисланбаева, Гаухар Омановалар тоғыз қабатты үйдің жеделсатысының қыс айларында істен шығып, жоғарғы қабаттарда тұратын тұрғындарға қиындық тудыратынын айтты. Г.Оманова мүмкіндігі шектеулі азаматтар тобына жататын баласы үшін сыртқа шығуы мұң болғанын, екі бөлмелі пәтердің отбасы үшін тарлық ететінін, осал топ санаты бойынша пәтер кезегінде тұрғандықтан, пәтер бөлісі кезінде үш бөлмелі пәтер қарастырылып, баласының жағдайы үшін төменгі қабаттан



пәтер бөлінгенін қалайтындығын жеткізді. Қаланың батагөй қариясы Есен Жұбан-

таев әкімнің бүгінгі таңдағы жасап жатқан оңды істеріне қала тұрғындарының риза

Қала өмірінен

екендігін білдіріп, өздері тұратын үйдің апатты жағдайда екендігін немесе адам жасай беруге жарамдылығын білгісі келетіндігін баяндады. Сондай-ақ, қала тұрғындары үшін медициналық қызмет көрсету сапасының нашарлығын, маман дәрігердер жетіспейтінін, жүкті әйелдердің босануы үшін перзентханаға және кісі дүниеден өткенде сот медициналық сараптамаға бола Балқаш қаласына қатынаудың тұрғындар үшін өте ауыр соғатынын, осы мәселелердің оңтайлы шешімін табуға көмек керектігін айтып, сауал-жауап соңында әкімге ақ батасын берді.

Өтініш-шағыммен келген әрбір тұрғынмен жеке сөйлесіп, мәселелері жайлы пікірлескен әкім, осы жерде аталған түйткілді мәселелерге қатысы бар «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мамандарына тиісті тапсырма берді.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ.

Суретте: әкім қабылдауында

Сүйінші!!!

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі жыл сайынғы республикалық «Парыз» – 2021 конкурсы өткізілді.

Конкурс 4 номинациядан тұрады: «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын», «Үздік ұжымдық шарт» және «Экологияға қосқан үлесі үшін». Осы аталымдар бойынша «Ірі кәсіпкерлік субъектісі» және «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі» іріктендірілді. Осынау конкурсқа біздің қала кәсіпкерлері де қатысқанынан хабарымыз болды.

Приозерск қаласының жеке кәсіпкері, қаладағы осы саланың алғашқы қарлығаштарының бірі Ирина Николаевна Касимкина бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі жыл сайынғы республикалық

КӘСІПКЕРГЕ – МАРАПАТТАР

«Парыз» – 2021 конкурсына «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясы бойынша үміткер болып қатысқан болатын.

2021-жылғы желтоқсан айының 21-жұлдызы күні жеке кәсіпкер Ирина Николаевна Касимкина бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын ілгерілеткені, қызметкерлерді қолдауға, өңірдің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды іске асырғаны үшін және осы конкурсқа қатысқаны үшін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.Шапкеновтің және Қарағанды облысының әкімі Ж.Қасымбектің алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар, «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдаламалар бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің басшысы Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейсекеев, «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ басшысы Рахима Есенманқызы Ахметова және Приозерск қаласы әкімінің әлеуметтік және мүгедектер мәселесі бойынша кеңесшісі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабековтер қатысқан марапаттау рәсімінде Ирина Николаевнаға Приозерск қаласы әкімінің Тәуелсіздіктің 30 жылдығы және қаланың 65 жылдығы мерекелері құрметіне арналған Алғыс хат пен естелік сыйлық табысталды.

Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ,
Суретте И.Н. Касимкина.



Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің отыз жылдығы мен Приозерск қаласының 65 жылдық мерекелерінің құрметіне арналып қаладағы мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар мен әскери бөлімдердегі футбол құрама командаларының арасында өткен шағын футболдан турнир өткен болатын.

«Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында өткен мерекелік салтанатты жиында осынау турнирдің бас жүлдесі – Гран-приді Приозерск қаласы футбол командасы жеңіп алып, кубок пен 200 мың теңгенің сертификатын қала әкімі Сапар Сатаев тапсырған еді.

Жеңіске жерткен команда мүшелері өзара ойласа келіп, ұтып алған қаражатты қайырымдылық шарасына жұмсайтын болып келесіпті. Осылайша отбасылық жағдайлары төмен, әлеуметтік осал топқа жататын отбасыларға Приозерск қалалық әкімдігінің құрама командасының бас жүлдесі бөліп берілді.



БАС ЖҮЛДЕ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің», - деген екен қазақ атты дана халық. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі.

«Жанашырлыққа – жан риза» дегендей, қамқорлыққа мұқтаж жандардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске әрбір адамның азаматтық парызы. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.
Суретте: Қайырымдылық шарасында

Азаматтық парыз!



ЕРТЕНГІ БОЛАШАҚ - БҮГІНГІ БІЛІМДІ ҰРПАҚ !

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№2 Жалпы білім беретін мектебі» КММ-де 2021 жылдың 2-13 желтоқсан аралығында «Зейін» жобасы аясында



«Ертенгі болашақ-бүгінгі білімді ұрпақ!» атты бастауыш сыныптар апталығы өткізілді. Апталықтың мақсаты: Жаңа әдістемелерді пайдалана отырып, әр сабақта оқушыларға терең де сапалы білім беру. Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырудағы мұғалімнің іс тәжірибесін жинақтау.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қайсар рух пен қара күшті қару етіп, еркіндік үшін күрескен бабаларымыздың ерлік жолындағы күресі бүгінгі таңда айыны аспан тіреген тәуелсіздік тұғырын биік-тетті.

«Жастар-еліміздің жарқын болашағы» деген қанатты сөздерді жиі айтамыз, ал сол жастардың болашағы, Отанымыздың ер-



тенгі тағдыры болса, соған дәнекер өзіміздің бүгінгі қызметіміздің қалай атқарылып жатқаны, қоғамға қандай үлес қосып жүргенімізге тікелей байланысты. Міне, «Ертенгі болашақ-бүгінгі білімді ұрпақ!» тақырыбындағы ойтүйінді жалпы жас буынға бағыттауымыз!

Біздің мектебімізде апталық аясында

көптеген ашық сабақтар мен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай іс-шаралар өткізілді.

Атап айтсақ: 1 «г» сыныбында «Алтын қақпа» атты пәндер бойынша сайыс,

3 «в» сыныбында «Тұрлаулы мүшелер»,

2 «г» сыныбында «Лепті сөйлем»,

3 «д» сыныбында «Тәуелсіздік тұғыры», «Тұғыры биік-Тәуелсіздік!», «Тәуелсіздік-тірегім, Қазақстан-жүрегім!» атты ашық сабақтар мен іс-шаралар өткізілді.

Осындай ашық сабақтар мен іс-шаралар әр оқу жылы сайын өз жалғасын табуда.

Қорыта келе, жас күш, жас толқын болып толқып, ана тілінде сайрап, білімімізді толықтыру арқылы болашақ елдің кемел келешегін биіктерден көруге үлес қосайық, саналы ұрпақ!..!

А.С.Ауесбаева

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№2 Жалпы білім беретін мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі

КАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ЕКПЕ АЛУҒА КЕҢЕС БЕРЕМІЗ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау мекемесінің көрсеткіші бойынша 12-15 жас аралығында 3 фазалық сынақтан өткен, өзін жоғары дәрежеде қауіпсіз ретінде көрсеткен екпе Пфайзер/Бионтекс компанияларының бірігіп шығарған Комирнати вакцинасы анықталды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы осы Комирнати вакцинасын әр мемлекетте қолданылып, жақсы нәтижемен орын алғандықтан, 12-17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында елімізде екпе алуға рұқсат берілді.

Пандемия уақытында балалар сырқаттанушылығы аз болып, бірақ қазіргі уақытта өздеріңіз білетіндей балалар арасында да коронавирустық сырқаты тіркеліп отыр.

Арамызда каншалықты көп адам егілсе, вирустың мутациясы да, көбеюі де аз болар еді. Әр мутацияда вирус күштірек болуы

мүмкін, сондықтан осы сырқаттың алдын алу мақсатында, балалар екпесі қаламызда басталды. Екпені әрбір ата-ананың қалауымен, мектеп екпе орны болсын, ауруханада екпе бөлмесі болсын, келіп екпе алуға болады.

Құрметті тұрғындар, сонымен қатар Covid-19 коронавирустық сырқатының алдын алу мақсатында, қайта егілуге жататын адамдар тізімі ҚР Бас санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес анықталған. Бүгінгі күні қалада ревакцинация жұмыстары басталды. Өз жақындарыңыздың денсаулығына, өз денсаулығыңызға қамқор болыңыз!

Приозерск қаласының санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы

СОВЕТУЕМ ПРИВИТЬСЯ

По данным Всемирной организации здравоохранения, третья фаза клинических исследований с участием детей в возрасте 12-15 лет вакцина Комирнати показала высокую эффективность и достаточно высокую безопасность для этой группы.

В начале пандемии заболеваемость от коронавируса было намного меньше, чем в этом году. К сожалению, регистрация среди школьников и детей на сегодняшний день все же есть.

Согласно Постановления ГГСВр РК за №46 от 20 октября В Республике стартовала вакцинация подростков и детей, беременных и кормящих женщин

Чем больше привито людей, тем меньше шансов у вируса распространяться и мутировать. Если коронавирус дальше будет мутировать то есть опасность тяже-

лых последствий от данного заболевания. В целях достижения коллективного иммунитета среди детей и подростков, не допущения распространения в Республике, стартовала вакцинация против Ковид -19 среди подростков.

В городе у нас можно привиться по желанию родителей в прививочном кабинете городской больницы, а также в прививочных пунктах школ.

Дорогие жители, в целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции Covid-19 по определенным контингентам населения (группы риска) подлежащие к ревакцинации в городе началась ревакцинация населения. Берегите здоровье себя и своих близких!

Приозерское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля

Актуально

Площадки для возможного строительства АЭС в Казахстане выбраны с учетом рекомендаций МЧС, рассказал глава ведомства Юрий Ильин, передает корреспондент центра деловой информации Kapital.kz.

«Рассматриваются две площадки на территории Восточно-Казахстанской и Алматинской областей. Соответственно, наше министерство тоже принимает участие в рассмотрении первичного выбора площадки. В дальнейшем будет уже под нее разрабатываться проектно-сметная документация, будут учитываться в том числе требования, входящие в компетенцию МЧС», - сказал Юрий Ильин на брифинге в ЦСЦ.

Министр пояснил, что на выбранных территориях не живут люди. Однако рядом располагаются населенные пункты. «Сами площадки не относятся, прежде всего, к высокой сейсмической активности. Там нет рисков возникновения землетрясений, нет паводковых угроз и, соответственно, горных

ПЛОЩАДКИ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА АЭС ВЫБРАНЫ С УЧЕТОМ РЕКОМЕНДАЦИЙ МЧС

обвалов. Поэтому данные площадки были выбраны с учетом в том числе рекомендаций МЧС», - сказал Юрий Ильин.

Ранее председатель правления ФНБ «Самрук-Казына» Алмасадан Саткалиев сообщил, что рассматривается возможность строительства атомной электростанции в Алматинской области близ поселка Улкен. «Сейчас рассматривается (...) строительство АЭС в Алматинской области (...) Поселок Улкен - это наиболее удобная площадка с точки зрения топографии национальной электрической сети. Там есть возможность достаточно разветвленной линии 500 киловольт, есть ключевая подстанция - ЮГ-ГРЭС 500. Эта площадка достаточно удобная и при размещении там базовой мощности (...), и стабилизации транзита электроэнергии север-юг, и возможности перераспределения электроэнергии как в

Центральный Казахстан - Караганда, так и по транзиту Север-Юг в южные регионы», - сказал он в среду в кулуарах заседания правительства журналистам.



По его словам, есть несколько предложений от ключевых производителей оборудования атомных электрических станций. «Есть предложения от России, Китая,

Франции, два предложения от американских производителей оборудования. При принятии решений будет учитываться весь спектр - безопасность применяемых технологий, количество построенных таких оптимальных практик эксплуатации атомных реакторов, а также вопрос цены, возможность локализации топлива в Казахстане. Соответствующие подходы уже рассматриваются на уровне компаний, - отметил он.

«Мы при строительстве атомной станции, как обязательное условие, будем ставить максимальное использование наших ресурсов, в том числе производство топливных таблеток и топливовыделяющих сборок, а также возможность локализации конечного продукта в Казахстане».

Источник: <https://kapital.kz>

МОБИЛЬНЫЕ ПЛАТЕЖИ И РАССРОЧКА НАЛОГОВ: ИЗМЕНЕНИЯ В НАЛОГОВОМ КОДЕКСЕ КАЗАХСТАНА

Разъяснения по вопросам изменений и дополнений в Налоговый кодекс РК, внесенных законом от 20 декабря 2021 года, предоставили специалисты департамента государственных доходов по Мангистауской области. Рассмотрим изменения, которые касаются непосредственно физических лиц.

С 1 января 2022 года вводится понятие «налоговое мобильное приложение», с помощью которого физическим лицам будут предоставляться сведения о суммах налоговых обязательств на имущество, по земельному налогу и налогу на транспортные средства. Также в мобильном приложении можно будет узнать об имеющейся



сумме налоговой задолженности. А сама система будет регулярно присылать пользователям уведомления о суммах налогов.

Введено понятие «мобильный пла-

теж». С начала следующего года к денежным расчетам будут отнесены и расчеты с использованием мобильных платежей. Предприниматели при приеме безналичных платежей должны будут использовать банковский счет, предназначенный для осуществления предпринимательской деятельности. Между тем, в Министерстве финансов РК добавили, что понятия «мобильный перевод» и «мобильный платеж» разделены для корректности отражения доходов предпринимателей. В частности, мобильный платеж осуществляется за оплату товаров и услуг. В данном случае не предполагается появление новых налогов. Эта мера направлена лишь на исполнение бизнесом своих налоговых обязательств, предусмотренных действующим законодательством. Предприниматели, как и прежде, должны будут выдавать кассовый чек потребителю после получения мобильного платежа. Данные изменения вступают в силу с 1 марта 2022 года.

Банки второго уровня и организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций, будут передавать уполномоченному органу сведения о физических лицах, не состоящих на регистрационном учете в качестве ИП или лица, занимающегося частной практикой, по выявленным операциям, имеющим признаки получения

дохода от осуществления предпринимательской деятельности по определенным критериям. Напомним, что данная поправка будет внедряться постепенно вместе с всеобщим декларированием доходов. То есть, физических лиц она затронет лишь с 2025 года.

Продление срока рассрочки по уплате налогов

Поправки также предусматривают с начала 2022 года предоставление рассрочки по уплате налогов на срок более одного года только под залог недвижимого имущества налогоплательщика, третьего лица или под банковскую гарантию. При этом заложенное имущество не может являться единственным жильем физического лица.

Будет ограничен список самозанятых.

Также с 1 января 2023 года, согласно

Новое в законодательстве

подпункту 3 статьи 774 Налогового кодекса, плательщиками единого совокупного платежа больше не смогут признаваться лица, осуществляющие такую деятельность, как:

-консультационные и маркетинговые услуги;

-деятельность в области бухгалтерского учета или аудита;

финансовую, страховую деятельность и посредническую деятельность страхового брокера и страхового агента;

-деятельность в области права, юстиции и правосудия;

-услуги на основании агентских договоров (соглашений).

Напомним, что ранее в Минфине сообщали, что обычные денежные переводы между казахстанцами-физлицами также не будут облагаться налогами. При этом стоит помнить, что перевод, совершенный по ошибке, очень сложно отменить.

Источник: <https://www.nur.kz>

ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ

ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» сообщает, что годовой объем дохода руководителя Шарбековой Гульжахан Кайроллиновны составляет 7 972 079,00 (Семь миллионов девятьсот семьдесят две тысячи семьдесят девять) тенге. Имеется имущество в городе Караганда 2-х комнатная квартира по улице Сатыбалдина

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 51/747. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.